

Қарасу ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Қостанай облысы Қарасу ауданы мәслихатының 2022 жылғы 29 маусымдағы № 143 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 30 маусымда № 28647 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 365-бабы 3-тармағы 2) тармақшасына сәйкес Қарасу аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қоса беріліп отырған Қарасу ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарасу аудандық мәслихатының хатшысы

С. Кажиев

Қарасу аудандық мәслихатының

2022 жылғы 29 маусымдағы

№ 143 шешіміне

қосымша

Қарасу ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жинақталуының жылдық нормасы, м ³
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,48
2	Жатақханалар, интернаттар, қарттар үйлері	1 орын	1,08
3	Қонақ үйлер	1 орын	1,51
4	Балабақшалар	1 орын	1,31
5	Мекемелер, ұйымдар, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,70
6	Емханалар	1 келіп кету	0,54
7	Ауруханалар	1 төсек-орын	1,84
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,18
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,35

10	Азық-түлік және өнеркәсіп таруар дүкендері	сауда алаңы 1 м2	0,60
11	Дәріханалар	сауда алаңы 1 м2	0,16
12	Автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	1,86
13	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	3,13
14	Шаштараздар	1 жұмыс орны	0,80
15	Аяқ киімді жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	1,30
16	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	2,20

Ескерту:

м3 - текше метр;

м2 - шаршы метр.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК